



otpannews.kz

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

МАҢҒЫСТАУ



Kaspi Bank
арқылы жазылу

№72 (10472) 16 ҚЫРКҮЙЕК, СЕЙСЕНБІ, 2025 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ЖАСАНДЫ ЗЕРДЕ ЖӘНЕ ЭТИКАЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК



ЖАСАНДЫ ЗЕРДЕ ЖАҒАНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОГРЕСТЕ ТӨНКЕРІС
ЖАСАУ ҚАБІЛЕТІНЕ ИЕ. ӨМІРІМІЗДІҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІНЕ АЙНАЛҒАН
ЖАСАНДЫ ЗЕРДЕ ӘЛЕМ КЕЛБЕТІН ӨЗГЕРТТІ ЖӘНЕ ҚОҒАМ МЕН
ӘЛЕУМЕТТІҢ ӘР АЛУАН САЛАСЫНА ЕНДІ.

Желідегі деректерге жүгінсек, алпауыт елдерде жасанды зердені заң шығару үдерісіне енгізу бойынша жұмыс қолға алынуда. Сарапшылар жасанды зият қоғамның қажетін

талдау, заңдардың салдарын болжау, нормативтік актілерді дайындауда дәлдік әрі дәйектілік танытарына сенімді. Бұл жасанды интеллекттің игілігін көруге икемді жаңа кеңістіктің жанданғанын көрсетеді. Ал Президенттің кезекті

Жолдауы еліміздің өркениетті әлемнің даму екпініне ілесе аларлық әлеуетке ие екенін, жасанды зерденің жасампаз жетістіктерін жете меңгерерлік жағдай жасаудың маңызын жете ұғындырады.

(Жалғасы 3-бетте)

МАҢҒЫСТАУДА ҰЛТТЫҚ ЖОБА ҚАРҚЫН АЛДЫ

9 ҚЫРКҮЙЕК КҮНІ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ «ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОНЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ЦИФРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР АРҚЫЛЫ ШЕШУ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫН ЖАРИЯЛАДЫ. ОНДА «АУЫЛДА ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫ ЖАҢҒЫрту» ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ ТУРАЛЫ СӨЗ ҚОЗҒАЛДЫ. БҰЛ БАСТАМА – ШАЛҒАЙДАҒЫ ЕЛДІ МЕКЕН ТҰРҒЫНДАРЫНА САПАЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛУЫН КӨЗДЕЙТІН МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ. ЖЕМІСТІ ЖОБА АРҚАСЫНДА ЕЛІМІЗДІҢ ТҮКПІР-ТҮКПІРІНДЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ НЫСАНДАР БІРТІНДЕП БОЙ ТҮЗЕП, ЖАҢҒЫРТЫЛЫП ЖАТЫР. МАҢҒЫСТАУ ӨНІРІНДЕ ДЕ ЖОБА ҚАРҚЫН АЛЫП, ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА.



» 2

• БҮГІНГІ САНДА

АБЫЛДАН МАҒҰЛЫМ ЕКІ ӘҢГІМЕ



» 5

ЖАҢАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ – ЖАҢА ДӘУІРДІҢ КЕПІЛІ



» 6

ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРТ ОҚЫРМАН

ОБЛЫСТЫҚ БАСЫЛЫМ – «МАҢҒЫСТАУ» ГАЗЕТІНІҢ ЕҢ ҮЛКЕН ОҚЫРМАНЫ АҚШҰҚЫР АУЫЛЫНДА ТҰРАДЫ. ЖАСЫ ЖҮЗГЕ ТАЯҒАН НҮРБЕРГЕН РАХИМОВ ӘЛІ КҮНГЕ ДЕЙІН ГАЗЕТТІҢ ӘР САНЫН ҮЗБЕЙ ОҚИДЫ. ЖЫЛ САЙЫН ЗЕЙНЕТАҚЫСЫНЫҢ ШЕТІНЕН ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУДЫ ДӘСТҮРГЕ АЙНАЛДЫРҒАН. СОҢҒЫ КЕЗДЕРІ КӨЗ ЖАНАРЫ НАШАРЛАСА ДА ҚАРИЯ БАСЫЛЫМНЫҢ ӘР САНЫН ҚАЛТ ЖІБЕРМЕЙДІ. ҚОЛЫНДАҒЫ КЕНЖЕ БАЛАСЫ ЖҰМАТ НҮРБЕРГЕНҰЛЫ МАҚАЛАЛАРДЫ ДАУЫСТАП ОҚЫП БЕРЕДІ.



Айгүл ОРЫНБАЕВА

– «Маңғыстау» газеті – өңірдің айнасы. Ондағы әрбір мәселе назардан тыс қалмайды. Журналистердің әр мақаласында қозғалған мәселе егжей-тегжейлі зерттеліп, жан-жақты жазылды, – дейді ұлы Жұмат Нұрбергенұлы.

Атаның үйінде газеттің әр саны сақталып, бір бөлек кітапханаға айналған. Ол үнемі балалары мен немерелеріне газет-журнал оқуды насихаттап отырады. Ақсақал өткен өмірін еске алып, былай деді:

– Бар ғұмырым осы Маңғыстауда өтті. Мал бақтым, егін ектім. 1951-52 жылдары шаруа жайымен Шалқарға дейін бардым. Анам Қанбала қайратты адам болатын, жеті баладан тірі қалған апам екеумізді асырап жеткізді. Ол кезде орақпен шөп шауып, түйе сауып, шөпшілерге сүт жинап беретінбіз. Қыстау мен жайлаудың бәрін араладық. Ол күндердің естелігі әлі күнге дейін жадымда, – дейді Нұрберген ата.

Бұл әңгімелер – бір ғана әулеттің емес, бүтін бір дәуірдің айнасы іспетті.

15 қыркүйек – Отбасы күні қарсаңында редакция атынан осы Рахимовтар әулетіне ат басын бұрып, мерекемен құттықтап, газет жанашыры әрі тұрақты оқырманы Нұрберген атаға алғыс хатымызды арқалап барған едік. Аулаға кірген сәтте көненің көзі – киіз үйге көзіміз түсті. Бұл қарашаңырақтың да хатталып жатқан тарихы өз алдына екен. Сонау 1963 жылы керегесі керіліп, шаңырағы көтерілген киіз үй күні бүгінге дейін ұрпаққа аманатталып келеді.

«Қарты бар үй – қазыналы үй» дейді дана халқымыз. Рахимовтар әулетінің қазынасы – 95 жастағы Нұрберген ақсақалдың қарашаңырағының берекесін арттырып отырған бала-келіні – Жұмат ағамыз бен жары Ақбике анамыздың да биыл отасқандарына жарты ғасыр толып, алтын тойларын атап өтуде.

Елу жыл бойы бір-біріне сүйеу болып, адал еңбек етіп, үлкен шаңырақты берекелі еткен жұп бүгінде бала-келін, қыз-күйеу, немере-шөбере тәрбиелеп

отырған үлкен әулетке айналған. Олардың өткен жылы облыстық «Құтты шаңырақ» байқауында «Алтын шаңырақ» номинациясын иеленуі – ұрпақ тәрбиесіндегі табанды еңбегінің айқын дәлелі.

Әулетке қонақ болып барған күні қарашаңырақтың төрінде ақ дастарқан жайылып, бала-шаға бас қосты. Ақбике анамыздың сол күні басына тартқан ақ орамалы да өткен күндердің естелігі, осы үйдің табалдырығын аттаған күні басына салған алғашқы ақ жаулығы екен. Ақ орамалын көненің көзіндей етіп сақтаған анамыздың бұл тағылымды ісінен тұтас бір әулетке деген шексіз құрметті де аңғардық.

Әкенің жолын жалғаған Жұмат ағамыз да шығармашылықтан құралақан емес. Ол – «Өмір шындығы», «Күлжа», т.б. бірнеше кітаптың авторы. Сонымен қатар жары екеуі ұзақ жылдар бойы білім беру саласында қызмет етіп, жас ұрпақ тәрбиесіне үлес қосып келеді. Бұл да – отбасының рухани құндылықтарды жоғары қоя білетінінің айғағы.

Бір шаңырақ астында әке, бала, немере, шөбере – төрт ұрпақтың тағулығы мен ынтымағы жарасым тапқан Рахимовтар әулеті – дәстүр жалғастығының, бірлік пен сыйластықтың жарқын үлгісі.

Осындай отбасылардың ел ішінде болуы – қазақ қоғамының рухани байлығы, ұлттық құндылықтың сақталғанының белгісі. Осылайша осы жолғы сапарымыз сәтті аяқталып, өнегелі әулеттің қасиетті қарашаңырағына ақ тілегімізді арнап қайттық.